

Құқықты жүзеге асыру және қорғау

1. Құқықты жүзеге асыру ұғымы және шектері.

2. Талап-арыз ұғымы және түрлері.
Талап қою мерзімі.

3. Азаматтық сот ісін жүргізу ұғымы және түрлері.

Әрбір тұлға өзіне тиесілі жеке құқықтарды қолдануға не олардан бас тартуға құқылы. Сондай-ақ, тұлғаның өзіне тиесілі құқықтарды жүзеге асыру шекарасы объективтік құқықпен айқындалады. Мұны

Гай келесідей мазмұнда айқындайды:

(D.50.17.55) – Егер, өзіне тиесілі құқықтарды жүзеге асыратын болса, ешкім қиянат жасаушы ретінде танылмайды.


Ал, келесі бір сөзінде ол, құқықты жүзеге асырудың аталған тұлғаның ақылға қонымды мүддесімен ұштасып жатуына назар аударады.

(Гай. 1.53) – Біз өз құқығымызды теріс қолданбауымыз керек; мүлкін босқа ысырап етушілерге осы негізде мүлкін басқаруға тыйым салынады.

Кейбір жағдайларда, өзгенің мүлкіне келтірілген залал аса қажеттілік жағдайында орын алған болуы мүмкін еді.

Бұл жағдайда, жәбірленуші өндіріп алу туралы талап-арызды иеленбейтін болды.

(D.9.2.29.3) – Лабеон сондай-ақ былай жазады, яғни егер, боран соққан кеме өзге бір кемеңің тастаған зәкірінің жіптеріне оралса және кемеңің жұмысшылары оратылған жіптерді кесетін болса, онда ешбір талап-арыз ұсынбаған жөн. Өйткені, жіптерді кесуден басқа шығудың жолы болмаған еді



Vim vi repellere licet -
қоқан-лоқыны күшпен қайтаруға
рұқсат етіледі.

Дегенмен, өзім білем деушілікке, кейіннен тыйым салынды. Мысалы, несие беруші өзім білем деушілікпен өндіріп алуға тырысса, өзінің талап ету құқығын жоғалтатын болды. Атиния заңы (б.з.д. II ғ.) және Плавция заңы (б. з.д. I ғ.) күш көрсету арқылы тартып алынған заттарды және жалпылай алғанда, ұрланған заттарды иелену көнелігіне сәйкес алуға тыйым салды.

(D.48.7.7) – Егер, несие берушілер өздеріне тиесіліні борышқорлардан өндіріп алғысы келсе, онда сот арқылы талап етуі тиіс; егер, қандай да бір рұқсат алмастан өз борышқорының мүлкін иеленетін болса, онда Марктың декретіне сәйкес ол талап ету құқығын жоғалтатын болды.

Өздеріне тиімді сот шешімін алу мақсатында дауласушы тұлғалар іс жүргізудегі «тараптар» деп аталынды. Талап-арызды (actio) ұсынған тұлға «талап қоюшы», ал, талап-арыз кімге бағытталса, сол «жауапкер» ретінде танылды. Дигестыда талап-арызға қатысты келесідей сөздер бар: «Талап-арыз дегеніміз тұлғаның сот тәртібімен өзіне тиесілі талап ету құқығын жүзеге асыруы».

Құқықтық бағытына орай талап-арыз келесідей категорияларға жіктелді:

1) жеке талап-арыздар (actions in personam). Талап-арыздың бұл түрі бұған дейінгі өзінің іс-қимылы арқылы талап қоюшымен құқықтық қатынасқа түскен белгілі-бір тұлғаға қарсы бағытталды.

2) Заттық талап-арыздар (actions in rem). Талап-арыздың бұл түрі қандай да бір зат жөніндегі құқықты қорғауға қатысты туындады.

Мақсаты мен көлеміне орай талап-арыздардың мынадай түрлері болды:

1) мүліктік құқықтарды қайта қалпына келтіру үшін ұсынылатын талап-арыздар (*actiones rei persecutoriae*).

2) жауапқа тарту талап-арыздары (*actions poenales*). Құқыққа қайшы әрекеттері үшін жауапкерді жазаға тарту осы талап-арыздың басты мақсаты болып табылды.

Жалпылай алғанда, рим құқығы таныған талап-арыздың 30 жуық түрлері белгілі. Қойылған талап-арызды жауапкер бірден мойындауы мүмкін болды және мұндай жағдайда бірінші сатының (*in iure*) өзінде шешім қабылдануы мүмкін еді. Сондай-ақ, жауапкердің талап-арызды танығанымен, оның мөлшерін мойындамуы мүмкін болды.

Осы ретте, мәселе процесстің екінші сатысында (*in iudicio*) шешілетін болды.

Тұлғаның өзінің бұзылған құқығын қалпына келтіру туралы талап-арызбен сотқа жүгіне алатын мерзім аралығы талап қою мерзімі (Praescriptio) деп аталады. Талап-арызбен жүгіну құқығын уақыттық тұрғыдан шектейтін арнайы ережелер рим құқығында болмады. Юстиниан тұсында талап қою мерзімі терминінің классикалық мағынасындағы ережелер енгізілді. Барлық жеке және заттық талап-арыздарға талап қою мерзімі 30 жыл деп бекітілді. Ал, Гарсиа Гарридо талап қою мерзімі ұғымының б. з. 424 жылы «30 жылдың ішінде қолданбаса, онда барлық талап-арыздардың өзінің күшін жоғалтатынын» бекіткен император Феодосий II тұсында енгізілгендігін айтады.

Талап қою мерзімінің өтуі аталған талап негізінің туындау сәтінен пайда болды:

- затқа қатысты құқық жөніндегі талап-арыздар үшін меншік құқығының бұзылу сәтінен бастап;

- қандай да бір әрекеттерді жасамау жөніндегі міндеттемелер бойынша уәдеге қарамастан ондай әрекеттерді жасау сәтінен бастап;

- қандай да бір әрекеттерді жасау міндеттемелері бойынша уәде етілгенді дереу орындатуды талап етудің туындау сәтінен бастап.

Рим азаматтық процессіне тән белгілер:

- сот процессіне тараптардың жеке қатысуы;
- жауапкердің сотқа келуіне талап қоюшы жауап береді. Талап қоюшы жауапкерді ұстап, сотқа мәжбүрлеп әкелуіне жол берілді;
- бір рет берілген талап арызды сол талап қоюшы сол жауапкерге жаңадан бере

алмайтын болды:

Римдегі сот процессінің тарихи даму жолы келесідей үш сатыдан өтті:


- 1) легисакциялық процесс: Рим тарихының көне дәуірінде қолданылды.
- 2) формулярлық процесс: классикалық дәуірде қолданылды;
- 3) экстраординарлық процесс: классикалық кезеңнен кейінгі дәуірде қолданылды.

Легисакциялық процесс жеке сипаттағы даулар жөніндегі сот өндірісінің алғашқы дамыған нысаны болды. Ол екі сатыдан тұрды:

Бірінші сатыда тараптар магистратқа келуі қажет болды және екеуі бірге өз еріктерімен келетін не талап қоюшы жауапкерді күштеп әкелуі тиіс болды. Егер, дау туындап жатқан затты әкелу мүмкіндігі болса, ол міндетті түрде әкелінетін. Кейіннен, барлық қажетті талаптар сақталынғаннан кейін магистрат даудың барлығын растады.

Белгілі-бір күндер өткеннен кейін енді, процесстің екінші сатысы басталды. Даудың барлығын растаған куәлердің сөзінен кейін сот барлық дәлелдемелерді зерттеу нәтижесінде шешім қабылдайтын болды және қабылданған шешім шағымдануға жатпады.

Формулярлық процесс: Іс жүргізудің бұл түрінде талап қоюшының талабы мен жауапкердің қарсылығы қандай да бір дәстүрлі әрекеттерсіз ресми емес еркін формада айтылатын болды. Нәтижесінде, претор судьяға арнайы хат жазып, оны талап қоюшыға беретін. Ол хатта егер, мынадай бір мәселелер айқындалса, онда талап-арыз қанағаттандырылуы тиіс, ал, егер ол жалған болса онда талап-арыздың қанағаттандырусыз қалатындығы көрсетілді. Судьяға арналған бұл жазба формула деп аталды. Іс жүргізудің бұл түрін қолдануға мүмкіндік алғаш рет Эбуция заңында қарастырылып, бастапқыда легисакциялық іс жүргізумен қатар қолданыста болды. Кейіннен, Августтың заңдарына сәйкес (б.з.д.17 ж.) легисакциялық іс жүргізудің орнына, осы формулярлық процесс түпкілікті орнықты.



*Екпіндеп соққан дауыл жел, үйдің шатырын
жұлып, көршінің ауласына ұшырып, ондағы қойды
мерт қылады.*

*Шатырдың қожайнына талап-арыз қоюға
болады ма?*





